



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**Амиралли Айдана Әсетқызы**

aydana.amiralieva.9797@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада халықаралық жеке құқықтың негізгі салаларының бірі халықаралық тасымал құқығының түсінігі, қайнар көздері, түрлері, сондай-ақ шарты туралы айтылады. Тасымалдау кезінде жолаушылардың құқығы, сонымен қатар жүктерді тасымалдаудың ережелері мен шарттарына тоқталамыз.

**Аннотация.** В этой статье одной из отраслей международного частного права является концепция, источники, типы и договор право международных перевозок. Мы также ссылаемся на права пассажиров, а также на правила и договора перевозки грузов.

**Түйін сөз.** Тасымалдау, жолаушылар, жүктер, жүк жөнелтуші, тасымалдаушы, тасымалдау шарты, құқықтық доктрина, келісімшарт, субъект құқықтық режим.

Тасымалдау – бұл жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті тасу тасымалдау шартының негізінде жүргізіледі. Жүктерді, жолаушыларды және теңдеме көліктің жекелеген түрлерімен тасымалдау талаптары, егер АК-пен, көлік туралы заң актілерімен және оларға сәйкес шығарылған ережелермен өзгеше белгіленбесе, тараптардың келісімімен белгіленеді.

Жүкті тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді. Жүк тасымалдау шарты көліктік құжатын, коносаментті, тауар - көлік құжатын немесе жүк тасымалдаудың көлік туралы заң актілерінде көшделген өзге құжатын толтыру арқылы ресімделеді. Жолаушы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны баратын мекеніне, ал жолаушы теңдеме жүкті тапсырған жағдайда теңдеме жүкті апаратын мекенге жеткізуді жіне оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген адамға беруге міндеттенеді, жолаушы жолына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде – теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді. Жолаушы және теңдеме жүкті тасымалдау шарты тиісінше жол жүру билетімен және теңдеме жүк түбіртегімен ресімделеді. Жол жүру билеті мен теңдеме жүк түбіртегінің нысаны көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленеді. Халықаралық тасымалдау шарты жасалған болып, шарттың екі жақ тараптары да өзара еркіндік білдіруі болған кезде есептеледі. Осылайша, жүкті тасымалдау шарты ереже бойынша, консенсуалдық шарт болып табылады, яғни шарттың мазмұны мен екі тарап танысқан сәттен бастап құқықтық нәтижені тудырады, бірақ басқа да жағдайлар бар, олар әр түрлі ұлттық заңдарда бекітілген.

Тасымалдау шартын жасасудың экономикалық мақсаты жүктер мен адамдарды бір жерден екінші жерге апару қажеттілігі болып табылады. Көлік ұйымдарының, жүк жөнелтушінің, жүкті алушының, жолаушылардың мемлекеттер арасында жүкті тасымалдауды жүзеге асыруда пайда болатын осы қатынастар тасымалдау шартымен негізделген және осы шартпен реттеледі. Сонымен, халықаралық тасымалдау дегеніміз – мүліктерді және жолаушыларды бір мемлекеттен екінші мемлекетке жеткізу немесе транзитпен жүктерді, жолаушыларды жеткізу.

Халықаралық тасымалдауды ішкі тасымалдаудан айырудың негізгі белгілері:

-жүк, жолаушы кеден шекарасынан өтуі керек;

-жүкті немесе жолаушыны шекарадан өткізбей-ақ халықаралық тасымалдау шарты арқылы халықаралық тасымалдау деп есептеуге болады;

-халықаралық тасымалдауда ұлттық валютадан басқа шетелдік валюта қолданылады;

-халықаралық тасымалдаудың қайнар көздері ретінде халықаралық конвенциялар, ұлттық заңдар, халықаралық әдет-ғұрыптар танылады.

Шарт нақты болып табылады және жүк жөнелтушінің жүкті белгілі мекенге жеткізуге тасымалдаушыға бері, оның осы мақсатты жүзеге асыруды қабылдап алған сәтінен жасалған деп танылады. Жолаушы тасымалдауға қатысты шарт жасасқан кезде келісім қай кезден басталатын анықтау қажет. Құқықтық Доктрина және сот тәжірибесі бұл сұрақты шешудің бірнеше жолын ұсынады (билетті сатып алу сәті, көлік құралына отырғызу басталған сәтте және т.с.с.). Тасымалдау шартында әр түрлі құқықтық субъектілер қатысады. Халықаралық тасымалдау талаптарының субъектісі ереже бойынша жеке және заңды тұлға табылады. Шарттың бір тарабы ретінде тасымалдауға мүдделі және осы тасымалдау үшін белгілі бір ақшалай сыйақыны төлеуге дайын тұлға танылады; тасымалдау шартының екінші тарабы ретінде көлік құралын иеленуші және сондықтан, белгілі бір сыйақы үшін жөнелту бойынша қызметті жүзеге асырушы тұлға қатысады. Шарт бойынша бір тарап болып табылатын тасымалдаушы көлік ретінде көлік ұйымы, яғни тасымалдаушы танылады, бірақ тасымалдаушы деген ұғымының өзі эволюцияға ұшырады.

Халықаралық тасымалдауда тасымалдаудың бірнеше түрі бар:

1. Теңіз тасымалдауы;
2. Әуе тасымалдауы;
3. Теміржол тасымалдауы;
4. Автокөлік тасымалдауы;
5. Аралас тасымалдау.

Теңіз тасымалы дегеніміз - жүктерді және жолаушыларды су көлігімен белгіленген пунктке дейін жеткізу. Халықаралық құқықтағы ең бір күрделі мәселелер халықаралық теңіз тасымалы саласында туындайды. Бұл осы саладағы қатынастардың түрлілігімен, құқықтық реттеудің қайнар көздерінің түрлі сипаттамасымен байланысты. Жүктерді теңіз көлігімен тасымалдау теңізбен жүктерді тасымалдау келісімінің негізінде жүзеге асыра алынады. Жүктерді теңізбен тасымалдау бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы болып табылады. Ол 1978 жылы Гамбургте қабылданған және 1992 жылдың 1 қаңтарында заң күшіне енді. Жүктерді теңізбен тасымалдау бойынша Бұл құжат үшінші құқықтық режим болып табылады. Халықаралық теңіз тасымалы халықаралық жеке теңіз құқығының нормаларымен реттеледі. Халықаралық теңіз тасымалында коносамент ерекше орын алады. Коносамент дегеніміз - бұл теңіз тасымалы бойынша келісімнің бір түрі ретінде әдетте желілік кеме жүргізуде дара, бас жүкті жеткізумен сипатталады. Коносаменттің чартерден ерекшелігі, онда жүк иеленушіге жеке жүк қоятын бөлмені тасымалдаушы міндетті емес. Жүктің жеке дара бөлшектері тасымалдаушы - капитанмен кемеде оның қалауы бойынша орналасуы мүмкін. Тек жоғарғы палубаға жүктерді қойу үшін кезде жүк иеленушімен бірге келісу арқылы қарастырылуы керек, бұл коносаменттің беткі жағында түрткі етіледі. Тасымалдаушы жүктердің белгілі бір партиясын алып болғаннан кейін басқа да жүктерді осы немесе басқа да порттарда тиіп-артуға, түсіруге жүзеге асыруға құқығы болады. Сонымен қатар әртүрлі қосалқы операцияларды және қайта өңдеу жұмыстарын жасай алады. Тасымалдау шарты мен тарифі желілік компаниямен жүзеге асырылады. Ол жүк жіберушілердің барлығына бірдей және ұзақ уақыт мерзімнен өзгертулерге дейін әрекет етеді.

Халықаралық әуе тасымалы дегеніміз - жүктің немесе жолаушылардың жөнелтілетін жері мен баратын жері тиісінше екі елдің аумағында орналасқан, сондай - ақ басқа мемлекеттің аумағында қонып, жөнелтілетін жері бірінші елдің аумағында орналасқан әуе тасымалы. Ол көлік тасымалының ішіндегі ең қымбат, тез және қауіпсіз түрі болып табылады. Әуе тасымалдауы - жаңа тасымалдаудың бір түрі. XX ғасырдың басы XIX ғасырдың соңында әуе тасымалдауына байланысты ең бірінші 1929 жылы конвенция қабылданды. 1944 жылы «Азаматтық авиация» туралы Чикаго конвенциясы қабылданды. Әуе тасымалдауында жүкке қатысты әуе жүкқұжаты қолданылады, оны жүк жіберуші үш

данада толтырады. Әуе жүкқұжатында жүк жөнелтушімен тасымалдаушының қолы болуы керек. Қазіргі кезде «Штемпель» қолданылады. Тасымалдаушы егер тауарды уақытында жеткізбесе немесе жоғалтып алса жауапкершілікке тартылады. Жүк қабылдаушы тауарды қабылдап алғаннан кейін, тауар жетіспесе жеті күн ішінде хабарлауы керек. Егер тауар уақытында жеткізілмесе онда қосымша 20 күн беріледі. Әуе тасымалдауында чартерлік тасымалдау қолданылады. Бұл шартта фрахтователь - тасымалдаушы, фрахтовщик - жүк жіберуші.

Теміржол тасымалы дегеніміз - жолаушыларды және жүктерді белгіленген пунктке дейін теміржол арқылы жеткізу. Ол көбінесе мемлекет ішінде қолданылатын тасымал болып табылады, дегенмен, шетелге қолданылмайды деген сөз емес, олар көршілес мемлекетке жеткізе алады. Мысалы, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан және тағы да басқа. Сонымен қатар басқа көлік салаларына қарағанда бағасы қолжетімді және қолайлы болып табылады. Көп уақыт бойы теміржол тасымалдау аясында ең маңызды келісімдердің бірі болып «Жүкті және жолаушыны теміржол тасымалдауы туралы» Берн конвенциясы танылды. 1980 жылы Берн конвенциясын жаңа халықаралық теміржол тасымалдау туралы келісім (КОТИФ) қабылданды. Оған 38 мемлекет қатысты. КОТИФ ережесі бойынша жүкті мерзімнен кешіктіріп жеткізгені үшін жүкті қабылдап алушы зиян шеккен жағдайда оған жүкті тасымалдау өтемақысы үш есе етіп қайтарылады. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауапкершілігі болады.

Автокөлік тасымалы дегеніміз - жолаушыларды және жүктерді белгіленген мекенге дейін көлік арқылы тасжолмен жеткізу. Жеңіл әрі қолайлы болғанымен, жүк жөнелтуші немесе жолаушы мен тасымалдаушы арасындағы шот-фактураны қажет етпегеннен, бұл көлік тасымалдарының ішінде ең қауіптісі болып табылады. Жол жүру ережелері 1949 жылғы 19 қыркүйектегі жол жүру белгілері және сигналдар туралы хаттамалармен реттеледі. Сонымен қатар, халықаралық жүкті тасымалдау туралы Кеден конвенциясы қолданылады (1975 жыл). Еуропалық елдер арасындағы жүкті халықаралық автокөлікпен тасымалдау шартының талаптары 1956 жылғы 19 мамырдағы жүкті халықаралық жол жүру шарты туралы Конвенциямен реттеледі. Халықаралық жүк тасымалдау жұмысын жүзеге асыруда жүкті жөнелтушілер, тасымалдаушылар және жүкті қабылдаушылар арасындағы қарым-қатынастар тәртібі БҰҰ-ның ішкі көлік жөніндегі (ЕЭК) Комитеті көлемінде 1956 жылы қабылданған жүктерді халықаралық тасымалдау шарты туралы конвенция (ЖТШК, аббревиатура – CMR Convention Merchandises Routiers деген сөздерден алынған; ЖЖТК конвенциясына сәйкес жасалған халықаралық тауар-көлік қағазы да осылай CMR аталады) реттеп отырады. Халықаралық тауар-көлік қағазы (CMR) және оны оған қоса берілетін төмендегідей барлық құжаттар тауар-көлік құжаттамаларына жатады: жүкті тиіп-түсіру құжаты, жүктің келісім шарттағы құнының шот-фактурасы (invoice), сапа және шығу тегі сертификаттары, карантиндік және малдәрігерлік сертификаттар, автомобильге жүк тиеу актісі. Бұл құжаттар жүкті жөнелтетін елдің тілінде толтырылады. Барлық тауар-көлік құжаттарының бланкілері баспаханада басылып, толтырылуы және тауар-көлік қағаздарымен қоса тасымалдаушыға берілуі тиіс.

Халықаралық жүк тасымалындағы жауапкершілік - халықаралық жүк тасымалы кезіндегі тасымалдаушының жауапкершілігі уақыт бөлігі, жауапкершіліктің басталғаны мен аяқталу уақыты. Халықаралық жүк тасымалы туралы келісімшарттың жасалғандығын дәлелдейтін құжаттардың ерекшелігі - халықаралық келісімшарттар мен конвенцияларға сәйкес көлік құжаттарының болмауы, олардың дұрыс толтырылмауы немесе жоғалуы тасымалдау келісімшартының жарамдылығына әсер етпейді.

Халықаралық тасымалдың келісімшарты - тасымалдаушы мемлекеттің шекарасынан өтумен байланысты жүкті немесе жолаушыны қажетті орнына жеткізуге жауапкершілік алатын, ал жолаушы немесе жүк жіберуші тасымалдың ақысын төлеуге міндетті келісімшарт.

Қорытындылай келе, біз халықаралық жеке құқықтағы жолаушыларды және жүктерді тасымалдаудың түрлерімен, яғни оның ішінде көлік түрлерімен таныстық. Сонымен қатар, тасымалдау құқығын реттейтін қатынастар қағидалар және нормалармен реттеледі. Халықаралық тасымалдау дегеніміз - жолаушыларды, мүлікті, тауарларды бір мемлекеттен екінші мемлекетке жеткізу немесе транзит арқылы жүктерді және жолаушыларды өткізу. Сондай-ақ жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында тасымалдау құқығын реттейтін құжат, яғни, шот-фактура, билет болуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиттер тізімі.**

1. Егиазаров В. А. , Транспортное право. Москва, 2002 г
2. Сарсенбаев М.А. , Учебник по международному частному праву. Алматы, 1998 г.
3. Нохатов Мұхтар Аралбайұлы «Автомобильдік тасымалдар» Алматы, ҚазККА, 2008 жыл.
4. Нысанбекова Ләззат Бегімжанқызы «Халықаралық жеке құқық»
5. Садиков О.Н. Правовое регулирование международных перевозок. М.,1981.

УДК 342.7

### **СОВРЕМЕННАЯ ПРАВОВАЯ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ В ВОПРОСАХ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ ЛИЧНОЙ ИНФОРМАЦИИ В СЕТИ ИНТЕРНЕТ: КАЗАХСТАНСКИЕ РЕАЛИИ И МИРОВАЯ ПРАКТИКА**

**Аханов Айдын Азаматұлы**

*[akhanov\\_aidyn@mail.ru](mailto:akhanov_aidyn@mail.ru)*

Преподаватель Кафедры международного права

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

**Қаражан Бекмырза Серікұлы**

*[bkarazhan@mail.ru](mailto:bkarazhan@mail.ru)*

*[bekmyrzakarazhan@gmail.com](mailto:bekmyrzakarazhan@gmail.com)*

Преподаватель Кафедры международного права

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Развитие человечества никогда не стояло на месте. Люди покорили космос, проводят исследования в подводном мире, изучают вулканы, изобретают новые технологии, открывают ранее неизвестные науке виды животных и насекомых. Благодаря человеку в мире все время изобретается что-то новое, уникальное, появляются технологии, которые не так давно можно было увидеть только в научно-фантастических фильмах. Во все времена изобретались такие уникальные вещи, что могли поменять всю картину мира, способны поменять привычный образ жизни людей. Например, с появлением в мире бумаги, жизнь людей кардинально поменялась: повысился общий уровень грамотности, появился документооборот между странами, стало возможным документально фиксировать исторические события, делиться своим творчеством с другими. Другой хороший пример – изобретение лампы. Сейчас мир без этого чудо прибора, дающий нам свет в любое время суток, представить невозможно.

Одним из величайших открытий человечества стал – интернет. Появление интернета перевернуло весь технологический мир с ног на голову. Если раньше для передачи информации приходилось отправлять письма, то, сейчас в каждом гаджете есть возможность выхода во всемирную сеть. Интернет так повлиял на жизнь людей, что некоторые перестали черпать информацию нигде иначе чем в интернете. Многие печатные издания понимая всю важность интернета уже давно имеют свои электронные домены, а то и вовсе полностью